

**Қарағанды мемлекеттік медицина университеті
Молекулярлық биология және медициналық генетика
кафедрасы**

СӨЖ

**Қазақстандағы қоршаған ортаның ластануынан
генетикалық зардаптар**

**Орындаған: Юлдашов С.Т
114 топ ЖМФ
Тексерген: Калиева Г.Т**

2010 ж

Жоспар

Кіріспе

Негізгі бөлім

- Табиғи орта және адамзат аурулары
- Семей ядролық полигонының қоршаған ортаға тигізген зардаптары
- Медициналық генетика және кейбір тұқым қуалайтын аурулардың алдын алу мен емдеу
- Экологиялық ластану және апат аймақтары
- Байырғы ластанулар

Қорытынды

Пайдаланылған әдебиеттер

Кіріспе

- Қоршаған ортаның тазалығын сақтауға, әсіресе, судың, ауаның және азық-түліктің мутагендік және канцерогендік әсерлері бар заттармен ластанбауына соңғы кездері көп көңіл бөлінуде. Сонымен қатар, дәрі-дәрмектер мен тұрмыстық химиялық препараттардың және түрлі косметикалық заттардың "генетикалық залалсыздығы" мұқият тексеріледі. Сайып келгенде, мұның барлығы адамда тұқым қуалайтын кемістіктердің мөлшерін азайту мақсатында жасалады.
- Тағы бір ескертетін нәрсе, алкогольді ішімдіктерді ішу мен темекі тарту, әсіресе, есірткіні қабылдау болашақ ұрпақ үшін өте қауіпті. Себебі, олар гендер мен хромосомаларды улап, өзгертеді. Соның салдарынан тұқым қуалайтын аурулар мен кемістіктер пайда болады.
- Жаңа ластанулардың туындауына жол бермеу мақсатында олардың пайда болуын болдырмайтын құқықтық, экономикалық және өзге де тетіктерді әзірлеу және енгізу қажет.

Табиғи орта және адамзат аурулары

Юлдашов С.Т 114-топ
ЖМФ

Sancho_1990 2010 ж

- Қоршаған табиғи орта – адамның өміріне, тіршілік ету жағдайына және денсаулығына әсер ететін табиғи компоненттердің жиынтығы. Қоршаған табиғи ортаның компоненттеріне атмосфералық ауа, сулар, топырақ, жер асты байлықтары, хайуанаттар және өсімдіктер әлемі жатады.
- Қоршаған ортаны ластау – адамның шаруашылық қызметінің нәтижесінде - қатты, сұйық және газ тәріздес қалдықтарды табиғи ортаға: атмосфераға, гидросфераға, топыраққа шығару; қоршаған ортада қажет емес физикалық факторлардың: шудың, жылудың, сәуле шығаратын радиацияның, ультрадыбысты толқындардың, вибрациялардың және т.б. пайда болуы нәтижесінде қоршаған ортаның физикалық-химиялық қасиеттерінің өзгеруі. Қоршаған ортаның ластануы санитарлық-гигиеналық нормативтердің асып түсу деңгейімен сипатталады.

Табиғи ортаның ластануының зардаптары



- Елдегі экологиялық жағдаяттың нашарлауы да алаңдаушылық туғызады. Экологиялық мәселелер адамзат үшін маңыздылығымен-ақ елеусіз алдыңғы шепке шықты.
- Адамдарда кездесетін кейбір генетикалық аурулардың таралуына, экологиялық факторлар тобының әсеріне бақылау жүргізгенде бірқатар мәселелер нақтыланған. Мысалы, жүйке, қан айналыс жүйесінің, асқорыту мүшелерінің патологиясына ішетін су сапасының төмендігі, атмосфераның ауыр металдар мен мұнай өнімдері буымен ластануы едәуір әсер ететіні анықталды.

Табиғи ортаның ластануының зардаптары



Семей ядролық полигонының қоршаған ортаға тигізген зардаптары

Юлдашов С.Т 114-топ
ЖМФ

Sancho_1990 2010 ж

- КСРО заманында Қазақстан аумағында атом бомбалары сынақтан өтті. Ол үшін арнайы 18 млн га жер бөлініп, Семей ядролық полигоны ашылды. Бастапқысында адамдарға, жануарлар мен табиғатқа тікелей зардабын тигізген ашық сынақтар жасалды. Сосын оларды жер астына жасай бастады. Атом бомбаларының жарылыстары сұмдық ауыр болды. Семей маңындағы радиациялық әсер аймағында тұратын 500 мыңдай адам осы сынақтан азап шекті.
- Қазақстандағы қарудың жиынтық ядролық қуаты бұрынғы Кеңес Одағының барлық ықтимал дұшпандарының аса маңызды стратегиялық объектілерінің барлығының тамтығында қалдырмауға жетіп артылатын. Бұл қаруды қолдану миллиондаған халқы бар мыңнан астам қаланы, ол былай тұрсын, тұтас бір мемлекеттерді, тіпті континенттерді жермен жексен етуге мүмкіндік беретін.

Семей ядролық полигонының адам денсаулығына әсері



Meet Achmed & Mohammed, the Inbreed twins

SUPER2001.COM YOUTUBE.RU

□ 1949 жылдан 1963 жылға дейін жер бетінде жасалған сынақтардың зардабы әсіресе мол болғаны рас. Бұл аймақтағы аурулардың есеп-қисабы 1990 жылға дейін мұқият жасырылып келді. Облыста онкологиялық, жүрек-қан тамыр, жүйке және психикалық аурулар саны күрт өсті. Азап шегіп, өлім құшқан адамдар қаншама. Отбасыларында кемтар балалар көбейді. Бұның өзі қазақ ұлтының келешегіне төнген зор қауіп болатын 1980 жылдардың аяғына қарай халықтың төзімі таусылып, шегіне жеткен еді.

Семей ядролық полигонындағы жарылыс көрінісі



Медициналық генетика және кейбір тұқым қуалайтын аурулардың алдын алу мен емдеу

Юлдашов С.Т 114-топ
ЖМФ

Sancho_1990 2010 ж

□ Медициналық генетика адамда болатын түрлі тұқым қуалайтын ауруларды, оларға диагноз қоюдың және емдеудің жолдарын зерттейді. Бүкіл дүниежүзілік статистика бойынша дүниеге келіп жатқан сәбилердің шамамен 7—8%-ы түрлі тұқым қуалайтын аурулармен ауырады. Сондықтан сол ауруларды жан-жақты зерттеу, олардан алдын ала сақтандыру және емдеу жалпы адам генетикасының, соның ішінде, медициналық генетиканың негізгі проблемасы болып табылады. Генетиканың бұл саласы бойынша зерттелетін келесі маңызды бір мәселе — адамда тұқым қуалайтын өзгерісті қандай факторлардың тудыратынын және адамзатты көптеген ауыр зардаптардан құтқару үшін оларға шара қолданудың жолдарын зерттеу.

Тұқым қуалайтын аурулар



Our little piano player

VOTRUBE.RU
SUPERZOO.COM

Қоршаған ортаның ластануының адам денсаулығына әсері



Кейбір тұқым қуалайтын аурулар




- Қатерлі ісік ауруларының 75-80%-ы химиялық заттардың (асбест, полициклді көмірсулар, ауыр металдар) әсерінен пайда болады. Аяқ-қолдарының дамуы тежелген, мүшелері жетілмеген сәбилердің туылуы, өлі туу мен төтеннен іш тастаудың жиілігі ластанған ауадағы кейбір заттар мен дәрілік препараттарға да байланысты. Олай болса, халықтың денсаулығына экологиялық қауіп-қатерді азайту үшін қоршаған ортаны тазарту бағытындағы нақты істерге шындап кірісу қажет.
- Қазақстан Республикасында табиғи жүйелердің өздігінен реттелу қабілетін және антропогендік қызмет салдарының орнын толтыруды қолдау үшін жеткілікті, ландшафттық және биологиялық әралуандықты сақтау және қалпына келтіру жөніндегі ғылыми негізді шаралар жүзеге асырылатын болады.

Қоршаған ортаның ластануынан генетикалық зардаптар



- Тұрғындардың денсаулығы олар тұратын аумақтың экологиялық жағдайының интегралды көрсеткіші болып табылады.
- Соңғы он жыл бойы Солтүстік Қазақстан облысында онкоауру патологиясынан ауру мен өлім-жітімнің жоғары деңгейі байқалуда.
- Қазіргі кезде, «Қазақстан Республикасының 2005-2007 жылдарға арналған қоршаған ортаны қорғау» бағдарламасы шеңберінде М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетімен тұрғындардың жоғары ауруы себебін анықтау үшін, с.і. тұрақты өсу үрдісі бар онкопатологиялық, (республикалық және Шығыс Қазақстан облысының көрсеткіштерімен салыстырғанда) Солтүстік Қазақстан облысы тұрғындарының денсаулығын және аумағын зерттеу жүргізілуде.
- Анализ СҚО науқастық сан бойынша дем алу органдарының ауруы алда келетінін көрсетеді: 100 мың тұрғынға 16 181 жағдай. Оның себептері әр түрлі болуы мүмкін. Тұрғындардың дем алу органдары ауруының жоғары деңгейінің негізгі факторы атмосфералық ауаның сапасы болуы мүмкін.

2006 жылда СҚО тұрғындарының аурулар классы бойынша аурулары (100 мың тұрғынға алғашқы тіркелген аурулар саны)



Юлдашов С.Г. 14-топ
ЖМФ

Sancho_1990 2010 ж



Экологиялық ластану және апат аймақтары

- Табиғи экологиялық жүйелердің бұзылуы, флора мен фаунаның тозуы орын алған және қолайсыз экологиялық ахуал салдарынан халықтың денсаулығына елеулі зиян келтірілген Арал және Семей өңірлері экологиялық апат аймақтары болып жарияланды. Экологиялық апат аймақтары елдің ішкі қауіпсіздігіне нақтылы қатер болып табылады.
- Қазіргі уақытта бұрынғы Семей полигонына шектес аудандарда (71,9 мың халқы бар 85 елді мекен) онкологиялық аурулардың және адамдар өлімінің, қан айналымы жүйесі ауруларының, жаңа туған сәбилер арасындағы кеселдердің және ерте қартаю көрінісінің жоғары деңгейі байқалуда.
- Арал өңірі экологиялық апат аймағында (186,3 мың халқы бар 178 елді мекен) әсіресе әйелдер және балалар арасында асқазан-ішек аурулары мен қан аздығы, балалардың шетінеуі мен туа біткен патологияның жоғары деңгейі байқалуда.



Superglue Twins

SUPERVOTRUBE.RU

□ Елдің ішкі қауіпсіздігіне қатерді жою мақсатында экологиялық апат аймақтарында халықтың тұруының әлеуметтік-экономикалық және экологиялық жағдайын кешенді талдау жөнінде іс-шаралар жүргізу, оның сапалы ауыз сумен қамтамасыз етілуіне баға беру, экологиялық талаптарды әзірлеу және аумақтарды экологиялық бағалау мен ядролық сынақтар және өзге де факторлардың халықтың денсаулығы мен қоршаған ортаға әсерінің салдарларын ескере отырып, сауықтыру-оңалту іс-шараларын жүзеге асыру қажет. 2007 жылға дейін Халықтың ішкі көші-қоны және экологиялық апат аймақтарының аумақтарын шаруашылыққа пайдалану бағдарламасы әзірленуі қажет.



VOTRUBE.RU

Байырғы ластанулар

Юлдашов С.Т 114-топ
ЖМФ

Sancho_1990 2010 ж

- Ластанудың "байырғы" көздеріне қазіргі кезде иесіз тұрған объектілер: мұнайгаз және гидрогеологиялық ұңғымалар, шахталар, кеніштер (оның ішінде радиоактивтік қалдықты), елдің экологиялық қауіпсіздігіне нақты қатер болып табылатын қалдықсақтағыштар мен ағынды сулар жинақтауыштар жатады.
- Қазіргі кезде Уран өндіру өнеркәсібінің радиоактивтік үйінділерін жою жөніндегі бағдарлама мен Иесіз мұнай ұңғымалары мен өздігінен төгілетін гидрогеологиялық ұңғымаларды жою жөніндегі бағдарлама іске асырылуда. Алайда, бұл бағдарламалар байырғы ластанулардың барлық түрлерін толық қамтымайды. Сондықтан, байырғы ластануларды жою жөнінде бағдарлама әзірлеудің қажеттілігі тұр. Бұл бағдарламада 2006 жылға дейін қоршаған ортаға олардың әсерін бағалай отырып, кезең-кезеңмен байырғы ластанулардың барлық объектілеріне толық түгендеу жүргізу, ал 2010 жылдан бастап мұндай объектілерді жою жөніндегі жұмысты бастау көзделуде.



Please sign your Visa

VO TRUBE RU

Қорытынды

- Адамдарда кездесетін кейбір патологиялық аурулардың таралуына, экологиялық факторлар тобының әсеріне бақылау жүргізгенде бірқатар мәселелер нақтыланған. Мысалы, жүйке, қан айналыс жүйесінің, асқорыту мүшелерінің патологиясына ішетін су сапасының төмендігі, атмосфераның ауыр металдар мен мұнай өнімдері буымен ластануы едәуір әсер ететіні анықталды.
- Олай болса, халықтың денсаулығына экологиялық қауіп-қатерді азайту үшін қоршаған ортаны тазарту бағытындағы нақты істерге шындап кірісу қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер

- Стамбеков С.Ж., Петухов В.Л. Молекулалық биология. Оқулық/ҚР. Новосибирск: Семей МУ, 2003. –216 бет.
- Әбилаев С.А. Молекулалық биология және генетика. Шымкент.2008, 424 б
- Мушкамбаров Н.Н.Кузнецов С.Н.Молекулярная биология. Учебное пособие для студентов медицинских вузов, Москва: Наука, 2003,544 с.

Интернет беттерінен

Google/ru

Yandex/kz

Юлдашов С.Т 114-топ
ЖМФ

Sancho_1990 2010 ж

**Көңіл қойып
тыңдағандарыңызға
рахмет !!!**

Юлдашов С.Т 114-топ
ЖМФ

Sancho_1990 2010 ж